

Казахская национальная академия искусств
им. Т.К.Жургенова



Магистрант: Султанова Назерке Талгатовна
Ғылыми жетекші: Тойбаева Ж.Н., доктор PhD
Магистрлік диссертация тақырыбы:
**Қазақстандық эстрададағы бейнебаян
жанрының дамуы мен режиссерлік
көзқарасы**

Зерттеу өзектілігі

- Қазіргі Қазақстандағы бейнебаян жанрының кең етек жайып, өркендеуінде. Жалпы бейнебаян ол үлкен күш-жігер мен шеберлікті, ізденшілікті талап етеді. Алайда Қазақстандық бейнебаяндардың сәтсіздігі қысқа көріністер көп болған сайын, ол бейнебаян дәрежесіне ұқсап, соған сәйкестенеді деген режиссер ұғымының негіздігін айтады. Телевизия мамандары осы жанрдың мол мүмкіндігін ашып, оны экранда жарасымды пайдалана алса, көп нәрсеге қол жеткізетіні хақ. Оған бастысы режиссер мен продюсердің шығармашылық қиялы керек. Қазіргі таңда бейнебаяндардың, түрлі жанрда, тіпті шетелге еліктеп жасайтын стильдері мен әуендері қазақ еліне таңсық болып, біраз елді елеңдетіп тастағаны хақ. Бірақ, «заманың түлкі болса, тазы болып қу» деген мақалда жайдан-жай айтылмаса керек-ті. Ал, дәл сондай жанр, стильдерді, өнерге түрлі бағыттарды әкелуші қауым бірден-бір осы режиссер өкілдері. Режиссерлік жұмыс өте ауыр әрі жүйке жұқартарлық жұмыс екені сөзсіз. Ол шығармашылық бірлестіктермен үнемі бірге жұмыс істейді.

Зерттеу бағыты



- Қазақстандық эстрададағы бейнебаян жанрының дамуын режиссерлік тараптан зерттеу барысында, алға қойған нақты нысанға жету үшін көптеген қызықты бағыттар арқылы зерттеймін. Мен бейнебаян жанрының дамуын зерттейтін болған соң, көптеген режиссерлерден интервьюлар алу арқылы, архивтағы бейнебаяндарды көріп, Қазақстандағы бейнебаяндарды талқылаймын. Диссертация қорғау барысында слайдтар, бейнероликтер және бейнебаяндарды қысқаша көрсетемін.

Зерттеу нысаны



- Қазақстандық эстрададағы бейнебаян жанрының дамуы мен режиссерлік көзқарасы

Зерттеу пәні



- Болашақтағы бейнебаяндардың дәрежесі қаншалықты жоғары болмақ, ерекшеліктері неде екенін анықтау

Зерттеу мақсаты

- Қазақстандық эстрададағы бейнебаян жанрының дамуы мен режиссерлік көзқарасының ғылыми негізін анықтап, мазмұнын айқындап, әдістемесін жетілдіріп, қорытындысын шығарып, ғылыми негізделген ұсыныстар жасау.

Зерттеу міндеттері



- - Қазақстандық эстрададағы бейнебаян жанрының дамуы мен режиссерлік көзқарасын анықтау;
- - режиссерлік көзқарасының мазмұнын анықтай отырып, оның оңтайлы әдістемесін негіздеу;
- - бейнебаяндарды зерттеу, қорытынды нәтижесін шығару, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Зерттеу жаңалығы



- - бейнебаян жанрын нақтылы зерттеу;
- - режиссерлік көзқарасының мазмұнын анықтай отырып, оның оңтайлы әдістемесін негіздеу;
- - режиссерлікті бейнебаян жанрына сәйкестендіре отырып зерттеу.



Назарларыңызға
рахмет!